

Азиза

КЕЛІСІМ ШАРТ № 173

Ақтөбе қаласы

«12» 09 2025 ж

Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «мектепке дейінгі ұйым» деп аталатын №43 «Гүлдәурен» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын басшысы атынан Шокпарова Кулсым Тюлюмбаевна бір жағынан және екінші жағынан

Қарасай Азиза Бекетқұлы
(баланың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

бұдан әрі «ата-ана» деп аталатын ата-анасының (баланың заңды тұлғаларының) біреуі Бермұбаева Аусұл Бектөсейқұлы
(тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда))

(бұдан әрі – Тараптар) арасындағы қарым-қатынасты анықтау және реттеу мақсатында төмендегілер туралы осы шарт жасалды:

1. Шарттың мәні

1.1. Осы шарт мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттейді.

1.2. Осы шартқа қол қою арқылы баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі мектепке дейінгі ұйым қол қойған және ол мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырған қосылу шартына қосылады.

Баланың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің қосылу шартына қосылуы:

мектепке дейінгі ұйым қол қойған және ол мемлекеттік сатып алу веб-порталында, оның ішінде оған барлық қосымшаларда орналастырған қосылу шартының талаптарымен және баланың ата-анасының немесе заңды өкілінің қосылу шартының барлық талаптарын ескертулерсіз және қарсылықтарсыз толық көлемде оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын куәландырады;

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде сенім білдірушінің дербес деректерін қосу шартын тараптардың жинауы мен өңдеуіне оның келісімін білдіру нысаны болып табылады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Мектепке дейінгі ұйым:

1) мектепке дейінгі ұйымның Жарғысын және осы Шартты сақтауға;

2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 372 бекітілген Білім беру қызметтерін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы пилоттық жобаны жүргізу алгоритміне сәйкес тәрбиеленушілерді қабылдауды іске асыруға;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етуге;

4) баланың өмірімен мен денсаулығын сақтауды, физикалық, зияткерлік, тұлғалық дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің міндетті атқарушының

2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

мазмұнын игеруді, сапалы мектепалды даярлықты, теңгерімді тамақтануды, мүлкін сақтауды (киімі, аяқ киімі, қамтамасыз етуге;

5) баланың әрекетін оның жасына, жеке ерекшеліктеріне және қабілеттеріне сәйкес ұйымдастыруға;

6) бес күндік, сағат 08:00 ден 18:30-ға дейін мектепке дейінгі ұйымға бару кестесін жасауға;

7) тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде, сондай-ақ, тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына 60 (алпыс) күнге дейін мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда, елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар), карантин енгізілген кезеңде баланың орнын сақтауға;

8) баланы тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде ата-анаға консультациялық көмек көрсетуге;

9) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асыруға;

10) мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін шығаруға;

11) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23469 болып тіркелген) сәйкес бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарын сақтауға;

12) тәрбиеленушінің ата-анасына немесе заңды өкілдеріне құрмет көрсетуге;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәрбиеленушілерге психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды көрсету;

ата-аналардың (немесе заңды өкілі) жазбаша түрдегі келісімімен тәрбиеленушілермен психологиялық диагностика, консультация және тренингтер (топтық, жеке) жүргізуге, ата-аналарға консультация беруге және тренингтер жүргізуге (қажет болған жағдайда) міндеттеледі.

2.2. Мектепке дейінгі ұйым:

1) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес жұмыс күндері және демалыс күндері тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетуге;

2) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылғанда, тәрбиеленуші 40 (қырық) күннен астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген, дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығаруға;

3) ата-анаға екі тараптың келісімі бойынша мектепке дейінгі ұйымда баланың тамақтануы үшін төлемді кейінге қалдыруға;

4) баланы алкагольді немесе наркотикті мас күйдегі ата-анасына немесе заңды өкіліне, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмаған жақын туыстарына бермеуге;

5) ата-ана осы шартта көзделген міндеттерін жүйелі түрде орындамаған кезде бұл туралы ата-ананы күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей хабардар ете отырып, мерзімінен бұрын шартты бұзуға;

6) өндірістік қажеттілік болған жағдайда топтарды қосуға құқылы.

7) егер де бала балабақшаға бағалы заттар немесе бағалы бұйымдар әкеліп, тақса жоғалған жағдайда балабақша және қызметкерлер жауапты болмайды. Балаға бағалы бұйымдар балабақшаға тағуға немесе әкелуге тыйым салынады.

2.3. Ата-ана немесе баланың заңды өкілі:

1) Жарғымен анықталған ережелерді орындауға, осы шарттың талаптарын сақтауға;

2) баланың тамақтануы үшін 800 (бір күнге) теңге мөлшерінде ағымдағы айға әр айдың 5-не дейін ақы төлеуге;

3) баланы тәрбиешіге жеке тапсыруға және одан алуға;

4) баланы алкагольді немесе наркотикті мас күйдегі, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмаған жақын туысқандарына мектепке дейінгі ұйымнан алуды тапсырмауға;

5) мектепке дейінгі ұйымды баланың бармайтыны туралы алдын ала уақытында хабардар етуге;

6) тұмау немесе жұқпалы аурулардың белгілері бар баланы басқа тәрбиеленушілер арасында таратпау үшін мектепке дейінгі ұйымға әкелмеуге;

7) мектепке дейінгі ұйымға себепсіз бармай қалуды болдырмауға. Бала сырқаттанып қалған жағдайда емдеуші дәрігер берген медициналық анықтама әкелуге, сондай-ақ бала үш және одан астам уақыт болмаған жағдайда тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйым берген медициналық анықтаманы ұсынуға;

